

# Ембі ТЫНЫСЫ

№ 21 (37),  
қараша  
2019 жыл

«Ембімұнайгаз» АҚ корпоративті газеті

## БІЗДІҢ МИССИЯМЫЗ:

**Біз әлеуметтік және бизнес мүдделердің тепе-теңдігін сақтау арқылы компания жұмысшыларына тұрақтылықты, акционерлерге тиімділікті қамтамасыз ету үшін мұнай мен газды өндіреміз.**

## Өндіріс сапары

### Байырғы кен алаңдарына – жаңа технологиялар



«Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы Өнуар ЖАҚСЫБЕКОВТИҢ өндіріске сапары «Қайнармұнайгаз», «Доссормұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармаларында жалғасты. Басшының өндіріске арналған сапарына Компанияның өндіріс саласы, техникалық қауіпсіздік, күрделі құрылыс және кен орындарын игеру, материалдық-техникалық қамту, корпоративтік қауіпсіздік және жұмылдыру жұмыстары салалары бойынша жауапты мамандар қатысты. Сапар барысында өндіріс және әлеуметтік салалардың жұмысы туралы жан-жақты баяндалды.

(Басы. Жалғасы 3-бетте).

## Еңбекті және қоршаған ортаны қорғау

### Қауіпсіздікке серпіліс

«Ембімұнайгаз» АҚ бас кеңсесінде «ҚазМұнайгаз» ҰК» АҚ өкілдерінің қатысуымен еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, техникалық қауіпсіздік сауалдарына арналған көшпелі кеңес өтті. Оған КМГ ҰК еншілес, тәуелді кәсіпорындардың басшылары мен жауапты мамандары, ЕМГ басқармалардың басшылары, бас инженерлер мен цех басшылары, мердігер мекемелердің өкілдері қатысты.

- Соңғы жылдары біз компанияның өндірістік көрсеткіштерге бағытталған жұмыстарын ұйымдастырудан бастап адам өмірі мен қоршаған ортаға ұқыпты қарау құндылықтары айқындалған үлкен жолдан өттік. Компанияда техникалық қауіпсіздік пен қауіпсіз еңбек мәдениеті қалыптастыру мен қоршаған ортаны қорғау бойынша жаңа бастамалар енгізілуде. Осыған байланысты бүгінгі кеңес еңбек тиімділігін арттыру бағытында үлкен маңызға ие. КМГ ҰК басшылығының осындай шараны Ембі аумағында өткізгені үшін алғыс айтамын, - деп атап өтті ЕМГ Басқарма төрағасы Өнуар ЖАҚСЫБЕКОВ көшпелі мәжілістегі кіріспе сөзінде.

- Алдымызға техникалық қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау бойынша әлемдегі ірі компаниялардың қатарына ену бойынша үлкен мақсат қоя отырып, біз үлкен табыстарға қол жеткіздік. Соңғы 5 жылда өндірістегі өлім оқиғасы 80 пайызға, денсаулыққа байланысты өлім саны 46 пайызға, жазатайым оқиға 50 пайызға, жол апаты 37 пайызға азайған. Қоршаған ортаны қорғау бойынша жақсы көрсеткіштерге қол жеткізіп отырмыз. Енді біз жұмыскерлер мен басшылық тарапынан қауіпсіздік мәдениеті қолдау тапқан жағдайда, серпіліске ұмтылу мақсатында жылжи отырып тактиканы өзгерту мәселелерін көтеруді алға қойып отырмыз, - деді КМГ ҰК еңбекті және қоршаған ортаны қорғау бойынша басқарушы директоры В.Спинелли.

Жиын барысында дағдарыстық жағдайларды басқару жүйесін дамыту, өндірісте тіркелген жарақат алу оқиғаларын азайтуға талдау жасалып, КМГ ҰК бастамасымен өндіріс қауіпсіздік мәдениетін дамыту мақсатында 2019-2021 жылдарда қолға алынатын жол картасы аясындағы «Қорғау» картасы жан-жақты түсіндірілді. **Е**



## Қордың таза табысы 2018 жылдың 9 айымен салыстырғанда 39,5%-ға артты

2019 жылдың 9 айының қорытындысы бойынша «Самұрық-Қазына» ҰАҚ АҚ компаниялар тобы жоспарлы қаржылық көрсеткіштерді асыра орындады. Сатудан түскен кіріс өсу қарқыны өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 12,7 %-ды құрады. Бұл туралы Қордың Басқарма төрағасы Ахметжан Есімовтың қоржындық компаниялар басшыларымен өткен кеңесте айтылды.

Операциялық пайда (NOPLAT) өткен жылдың көрсеткішімен салыстырғанда есептік кезеңде 9,6 %-ға өсті. Осындай таза табыс 39,5 %-ға артып, 1158 млрд. теңгені құрады.

Сонымен қатар, Ахметжан Есімов Қордың «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ IPO-ға келесі жылы шығару жоспарын растады, сондай-ақ, сатып алу жүйесін жетілдіру бо-

йынша жұмысты жалғастыруды тапсырды.

- Сатып алу жүйесін жетілдірудің арқасында өткен жылы біз 121 млрд. теңгені үнемдедік. Биылғы жылы 153 млрд теңгені үнемдеу жоспарланып отыр, - деді кездесу барысында Қор басшысы.

Айта кету керек, 2018 жылдың сәуірінде Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Самұрық-Қазына» қорының 2018-2028

жылдарға арналған жаңа даму стратегиясын мақұлдады. Елбасы Ұлттық әл-ауқат қорына негізгі мақсаттар мен мандаттардың бірі портфельдік компанияларды тиімді басқару және олардың қызметінің көрсеткіштерін ұқсас әлемдік компаниялардың көрсеткіштерімен теңестіру болып табылатын ауқымды міндеттер қойды. **Е**

[www.sk.kz](http://www.sk.kz)

## «Біздің болашағымыз әрқайсысымыздың белсенді ұстанымыз арқылы айқындалады»

2019 жылғы 1 қазанда Нұр-Сұлтан қаласында «ҚазМұнайГаз» ҰАҚ (бұдан әрі – ҚМГ) ақпараттық технологиялар бойынша стратегиялық сессия өткізілді. Сессия жұмысына ҚМГ Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары Жақып Марабаев, Басқарма төрағасының орынбасары – ҚМГ қаржы директоры Дәурен Қарабаев, «Самұрық-Қазына» АҚ цифрландыру және трансформациялау жөніндегі басқарушы директоры Дәурен Керейбаев, сондай-ақ ҚМГ мен оның ЕТҰ блогының АТ басшылары мен сарапшылары қатысты. Іс-шараның мақсаты – ҚМГ компаниялар тобы бойынша АТ-функцияларын дамытуды біртұтас болжау мен даму іс-қимылының жоспарын тұжырымдау. ҚМГ барлық АТ қауымдастығының осындай деңгейдегі кездесуі алғашқы рет өткізіліп отырғанын атап өту қажет.

Іс-шаралар бағдарламасы шеңберінде панельді сессия болып өтті. Бұл сессияда ҚМГ Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары Жақып Марабаев пен Басқарма төрағасының орынбасары – ҚМГ қаржы директоры Дәурен Қарабаев ҚМГ бизнесінің өкілдері ретінде АТ-функцияларынан күтетін өз болжамдарын айтып өтті және ҚМГ мен ЕТҰ АТ-бөлімшелерінің өкілдері қатысқан баспасөз конференциясында аталған маңызды мәселелерді талқылауға қатысты.

Іс-шаралар спикерлері - «Самұрық-Қазына» АҚ цифрландыру және трансформациялау жөніндегі басқарушы директоры Дәурен Керейбаев, ҚМГ ақпараттық технологиялар жөніндегі басқарушы директор Нұрлан Құсайынов, ҚМГ трансформациялау және цифрландыру жөніндегі басқарушы директоры Нұрлан Өтенов аталған стратегиялық сессия ақпараттық жүйелерді дамыту саласындағы тәжірибе мен білім алмасу тұрғысынан, сондай-ақ, ҚМГ компаниялар тобында ақпараттық технологияларды бекіту ұстанымы тұр-

ғысынан маңызды оқиға болып табылатындығын атап өтті.

Қазіргі күні «ҚазМұнайГаз» компаниялар тобына енгізілген АТ-жобалары нақты экономикалық тиімділік бере бастады. Мысалы, «КазТрансГаз-Өнімдері» ЖШС 2018 жылы жөндеуді жоспарлау жүйесі арқылы 400 млн теңгені үнемдеді. «КазТрансОйл» АҚ-тың АТ-функцияларын аутсорсингқа шығарудан түсетін экономикалық тиімділігі 2,2 млрд. теңгені құрады.

Н.Құсайынов ақпараттық технологиялар блогының ағымдағы жағдайы,

енгізілген жобалар, даму мақсаттары мен проблемалық мәселелер туралы айтып өтті. Ол: «АТ - бұл сервистік қызмет, бизнесте бірқатар мәселелерді шешуге көмектеседі, өндірісте істеушілердің еңбек жағдайын жақсарту мен жеңілдету үшін қызмет етеді», - деп ескертіп өтті.

Н.Өтенов «цифрлық трансформация» туралы түсінікті және ҚМГ Цифрлық трансформация бағдарламасын іске асыру туралы толық мағлұмат берді. Қазіргі кезде бағдарламаның жаңартылған портфеліне адамдарды, бизнес-процестер мен технологияларды кешенді өзгертуге бағытталған 14 жоба мен 14 іс-шара енгізіледі.

Сондай-ақ, іс-шаралар барысында «АТ басқару процестерін орталықтандыру», «Деректер жүйесін енгізу», «ҚМГ АТ ЖҚО», «Киберқалқан» жобалары талқыланды. Жоба басшылары қол жеткізілген нәтижелер туралы сұхбаттасты, болашаққа арналған жоспарлар туралы кеңесті.

Бұдан басқа, «ҚМГ-да АТ-функцияларын дамыту жоспарын қалыптастыру» тақырыбына арналған дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Дөңгелек үстелге қатысушылар инновациялық цифрлық технологиялар енгізу, өндірісті автоматтандырудың жаңа тәсілдері, сапалы АТ қызметтерін көрсету сияқты бірқатар мәселелерді талқылады, өзіндік пікірлерін айтты және тәжірибе алмасты. **Е**

[www.kmg.kz](http://www.kmg.kz)



### Конференция

## ЕМГ Кәсіподақ комитетінің жаңа төрағасы сайланды

«Ембімұнайгаз» АҚ-ның бас кеңсесінде Кәсіподақ комитетінің есеп беру және қайта сайлау конференциясы өтті. Оған Компанияға қарасты барлық еңбек ұжымдарынан сайланған 71 делегат пен Қазақстандық мұнай-газ салалық кәсіподақ ұйымының өкілдері қатысты.

Конференцияда ЕМГ Кәсіподақ комитетінің төрағасы Кенжеғали Шаңқанов өзі жетекшілік еткен соңғы 5 жылдағы ұйымның атқарған жұмыстарына арналған есептік баяндамасын жасады. Конференция делегаты, ЕМГ Басқарма төрағасы Әнуар ЖАҚСЫБЕКОВ ұжымдағы әлеуметтік тұрақтылықты сақтау мақсатында екі жақты бірлескен жұмысқа оң бағасын берді.

Өр ұжымдағы кәсіподақ ұйымы - тұрақтылық көпірі. Біздің Компанияда жұмыс беруші мен кәсіподақ комитетінің арасында екі жақты бірлескен жұмыс жолға қойылған. Себебі, біздің

мақсатымыз ортақ – жұмысшылардың мүддесін қорғау, олардың әлеуметтік қауіпсіздігін сақтау. Ұжымдағы тұрақтылықты сақтау мақсатындағы жұмыс үнемі жалғасын табады. Алайда, бүгінгі таңда Кәсіподақ ұйымының жұмысын жаңғырту, жетілдіру өзекті саналуда. Біздің алдағы жұмысымыз осы бағытқа арналу керек, - деді өз сөзінде Басқарма төрағасы Ә.Жақсыбеков.

Конференцияда, сонымен қатар, Кәсіподақ комитетінің тексеру комиссиясының төрағасы Қ.Қосанов та мерзімді уақыт ішіндегі қаражаттың жұмсалыу ба-рысына шолу жасап, кәсіподақ комитетінің мүшелік жарнасының есеп-шотқа толық түсуі, оның тиімді жұмсалыуы барысын баяндады.

Есеп беру баяндамаларынан соң конференцияның жұмысы келесі мәселе - ұйымның жаңа төрағасын сайлауға ұласты. ЕМГ Кәсіподақ коми-

тетінің жаңа төрағалығына 7 үміткер тіркелінген. Олар өздерінің сайлау алды бағдарламаларын таныстыру мақсатында Компанияға қарасты барлық басқарма ұжымдарымен кездескен болатын. Сонымен қатар, үміткерлердің сайлау алды бағдарламалары ЕМГ-нің корпоративті басылымы «Ембі тынысы» газетіне де жарияланып, өндірістегі барлық цехтарға, әлеуметтік нысандарға ілініп, жұмысшыларға толық таныстырылды.

Делегаттардың ұсынысы бойынша ұйымның жаңа төрағасын жабық түрде дауыс беру арқылы анықтауға шешім қабылданды. Жабық дауыс беру екі кезеңде өтті. Бірінші дауыс беру кезеңінде 7 үміткердің арасынан 2 үміткер алға шықты. «Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармаларынан тіркелген үміткерлер Сырымбек Сәрсембаев 22 дауыспен, Мәлік Орынғалиев

25 дауыспен екінші кезеңге шықты. Екінші дауыс берудің нәтижесінде М.Орынғалиев 37 дауыс жинап (3 дауысқа артық) ұйымның жаңа төрағасы болып сайланды.

Конференция соңында ЕМГ Басқарма төрағасы Ә.Жақсыбеков ұйымның бұрынғы жетекшісі К.Шаңқановтың жұмысына алғыс айтып, сәтті демалыс тілеп иығына шапан жапты. **Е**





# Байырғы кен алаңдарына – жаңа технологиялар

**(Жалғасы. Басы 1-бетте)**

Ембі өндірісінде негізінен байырғы кен алаңдары игеріліп жатқаны рас. Біздің алдымызда тұрған өзекті жәйттің бірі – осы байырғы кеніштерде өнім өндіру көрсеткішін тұрақтандыруға жол ашатын жаңа әдістер мен технологияларды іске қосу. Ембі өндірісінде өнім өндіру көрсеткішін арттыруға жол ашатын жаңа мұнай қабаттарын игеру жұмыстары кеңінен қолға алынады – деп атап өтті өз сөзінде Ө.ЖАҚСЫБЕКОВ «Қайнармұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының Шығыс Молдабек кен алаңында болған кеңейтілген жиында.

Сапар барысында «Қайнармұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының Шығыс Молдабек кен алаңының өнім өндіру барысы, полимерлік суландыру қондырғысының жұмысы, өндіріс нысандарын сумен қамтуды жақсартатын су көтергіш қондырғысы құрылысының

жүру барысымен танысты. Кен алаңдарының технологиялық үдерістерін сумен қамтуды жақсарту және су айдау көлемін өсіру мақсатында 2016 жылы су көтергіш қондырғысының құрылысы басталған болатын. Құрылыс нысанының жобасында:

- Сумен қамту сораптық стансасы;
- суға арналған қазандар;
- су қыздыру қондырғысы;
- технологиялық жүйе;
- газбен қамту жүйесі;
- автоматика және бақылау жүйесі;
- электр энергиясымен қамту жүйелері қаралған.

Аталмыш құрылыс жұмыстары аяқтала келген, бүгінгі таңда қабылдау жұмыстарына дайындық жүріп жатыр. Басқарма төрағасы Ө.Жақсыбеков нысан құрылысымен танысу барысында жауапты мамандарға нақты сауалдар қойып, әлі де назарда ұстау керек шара-

ларға баса мән берді. Ең бастысы нысан құрылысында қауіпсіздік ережесінің қатаң сақталуын талап етті.

«Доссормұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасында жалғасқан сапар кезінде ЕМГ Басқарма төрағасы Өнуар ЖАҚСЫБЕКОВ өндірісшілік жолдар мен әлеуметтік нысандардың жұмысымен танысты. Алтыкөл жатақханасынан Комсомольск кен алаңындағы мұнайшылар жатақханасына көшірілген жұмысшылармен кездесіп, олардың хал-жағдайларын білді. Жауапты мамандарға Алтыкөл кен алаңындағы типтік жобада салынғалы жатқан жаңа жатақхананың құрылысын жеделдетуді тапсырды. Жұмыс сапары аясында Компания басшылығы мұнай-газ өндіру басқармаларының өндірістік және шаруашылық қызметтерінің тоғыз айдағы есебін тыңдады. Өндіріс барысында байқалған ұңғыма-

лардың сына қайыс бауларының жиі істен шығу жәйі айтылып, себептері нақтыланды.

Сонымен қатар, бүгінгі таңда Ембі өндірісі бойынша өзекті саналатын шараның бірі – өндірісшілік жолдың жәйі. Бұл орайда, биыл Байшонас пен Қарсақ кенаралық 2 шақырымдық жолға күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілген. Құрылыс жұмысы аяқталды. Алдағы 2020 жылы өндірісшілік жол құрылысының сапасын жақсарту мақсатындағы жұмыстар жалғасады. 2020 жылы Доссор-Байшонас арасындағы 2 шақырымдық жолға күрделі жөндеу жүргізу мен Шығыс Мақат кен орнындағы 5,6 шақырымдық өндіріс жолдарының құрылысы қолға алынғалы отыр.

Компания басшылығының өндіріске арналған сапары барысында осы және басқа да мәселелер кеңінен талқыланды. **Е**

## Ембі болашағы

# Бесінші стратегиялық сессия - шығындарды басқару



Ағымдағы жылдың қазан айының 4-5 жұлдыздарында «Ембімұнайгаз»АҚ-да Компанияның 2027 жылдарға дейінгі Даму тұжырымдамасына арналған бесінші стратегиялық сессиясы өтті.

Сессия жұмысына топ-менеджменттер, өндірістік құрылымдық бөлімшелердің басшылары, жауапты департамент пен қызметтердің жетекшілері қатысты. Сессия барысында Тұжырымдаманың бүгінгі даму бағытына шолу жасалып, есепті мерзім ішіндегі сыртқы және ішкі қатерлерді есепке ала отырып, алдағы перспективалар бойынша Тұжырымдаманы өзектендіру жоспары талқыланды.

Жаңа сын-қатерлер Компаниядан жаңа әдіс-тәсілдерді қолдану мәселелерінде шығындарды басқаруда ең алдымен өндірісті басқаруды, геологиялық-барлау қызметтерін, мұнайкәсіпшілік қондырғыларын жөндеуді, қызметкерлерді басқаруды, транспортпен қамтуды, энергетика және басқа да сауалдарды талап етеді,-деп атап өтті ЕМГ Басқарма төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары Рысты ТАСМАҒАМБЕТОВА сессияның қорытындысында.

Сессия жұмысы кезінде өзгерген ішкі және сыртқы факторларды ескере отырып Компанияның баламалы даму стратегиясын әзірлеуде командалық тәжірибелік жұмыстар ұйымдастырылды. Әр команданың көшбасшылары мұнай-газ өндіру басқармаларының басшылары болды. Бұдан басқа, стратегиялық сессияда Тәуекелдерді бас-

қару қызметінің жетекшісі Төлеген Базарбеков арнайы даярланған кейстерді пайдалана отырып, сессияға қатысушылар алдында тәуекелдерге баға беру бойынша мастер-класс өткізді.

Стратегиялық сессияда су ресурстарын басқару мәселелеріне баса мән беріліп, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ бойынша су ресурстарын басқару департа-

ментінің еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау сарапшысы Ксения Юркавец шақырылды. Оның презентацияларының бір бөлігінде өмірлік маңызды мәселелер - су ресурстарын басқаруға қатысты ағымдағы және келешектегі проблемалар қозғалды.

Естеріңізге сала кетейік, 2018 жылдың 24 сәуірінде ЕМГ директорлар Кеңесінде алдағы 10 жылға арналған Тұжырымдама қабылданды.

Тұжырымдамаға компания қызметінің стратегиялық маңызды бағыттары – игерілудегі кен орындарына түпкілікті барлау жүргізу, жерқойнауын игеруде жаңа келісімшарттар алу, жаңа технологияларды енгізу, жаңа активтерді алу, шығындарды оңтайландыру, мұнай кәсіпшілігі қондырғыларын жаңарту, әлеуметтік-тұрмыстық жағдайды жақсарту, жолдарды жөндеу, арнаулы көлік т.б. мәселелер кірді. Аталған бағдарламалық құжат қоршаған орта мен еңбекті қорғау бағыты бойынша HR и IT функционалдық дамыту стратегиясының негізгі бағыттарына еніп отыр. **Е**





## Жұмыла көтерген жүк жеңіл



«Ембімұнайгаз» АҚ-ның бас кеңсесінде ЕМГ Басқарма төрағасы Ө.Е.Жақсыбековтың ұжым алдындағы есеп беру кездесуі өтті. Кездесуде компанияның 2019 жылдың 9 айындағы негізгі өндірістік көрсеткіштерінің орындалуы және алда тұрған міндеттері туралы есептік баяндама тыңдалды.

Есептік кездесуге Компания басшылығы, Басқару аппаратының департамент және қызмет жетекшілері, өндірістік-құрылымдық бөлімшелердің (ӨҚБ) басшылары мен бас инженерлері, өндірістік цех пен әлеуметтік саясат бөлімінің басшылары, ӨҚБ кәсіподақ ұйымының жетекшілері қатысты.

- Сіздерді Қарашұңгіл жерінен бастау алған Қазақстан мұнайының 120 жылдық мерейтойымен тағы бір мәрте құттықтаймын! Өздеріңіз жақсы білесіздер, күні кеше баршамыз бұл мерекені жоғары деңгейде атап өттік. Мерекеге орай Атырауда өткен салтанатты шараға Президент Қасым-Жомарт Тоқаев қатысып, мұнай-газ өнеркәсібінің үздік 41 қызметкерін марапаттады. Мемлекет басшысының қолынан үлкен марапат алғандардың қатарында ембіліктер де бар. Бұл - барша ембілік мұнайшыларға көрсетілген үлкен құрмет деп бағалаймыз, мұнайшылардың еңбегі мемлекеттік деңгейде бағаланып жатқанына қуаныштымыз, - деп қуанышты жаңалықпен бастады өзінің есептік баяндамасын ЕМГ Басқарма төрағасы Ө.Жақсыбеков.

Мемлекет басшысының қолынан үлкен марапатқа ие болған ембіліктер: орталық басқару аппаратының зейнеткері Күләш Жұмағалиева «Құрмет» орденімен, «Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының басшысы Амангелді Сүлейменов «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталса, «Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасы Ақінген кен орнының мұнай-газ өндіру операторы Болат Естлеуов «Құрмет грамотасына» ие болды. Ембіліктерге көрсетілген үлкен құрмет мұнайшылардың ауыр еңбегінің тиісті деңгейде бағаланғандығы деген Компания басшысы барша ұжымға үлкен табыс тіледі.

Бұдан кейін Басқарма төрағасы Ө.Жақсыбеков өндірістік көрсеткіштерге арналған баяндамаға көшіп, аталған мерзім ішіндегі Компанияның еңбекті қорғау, экологиялық міндеттемелерді орындау, өндірістік көрсеткіштердің нәтижелері мен өндіріске жаңа технологияны енгізу барысындағы жұмыстарды атап өтті.

2019 жылдың 9 айында ЕМГ 2 млн. 164 мың 503 тонна өнім өндіріп, жоспар 4 мың 615 тоннаға артық орындалса, мұнай тапсыру жоспары да межеден жоғары. Өнім тапсыру көрсеткішін Компания 6 мың 821 тоннаға артығымен орындады.

Ағымдағы жылдың алғашқы 9 айында 7 өнім өндіру ұңғымасы пайдалануға беріліп (жоспар бойынша 5 ұңғыма), одан қосымша 16 мың 593 тонна мұнай алынды.

Есептік мерзім ішіндегі Ембі өндірісінде қолға алынған геологиялық барлау жұмыстары, Уаз кен алаңындағы («Қайнармұнайгаз» МГӨБ) «Интеллектуалды кен алаңы» тұжырымдамасының өзге кеніштерге («Жайықмұнайгаз», «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ-на қарасты кеніштерде) таратылуы, өндірісті көлікпен қамту, автокөлік паркінің жаңартылуы, Забурын кен алаңындағы («Жайықмұнайгаз» МГӨБ) полимерлік сулану жүйесінің Шығыс Молдабек («Қайнармұнайгаз» МГӨБ) кенішінде жалғасуы, өндіріс алаңдарындағы әлеуметтік инфрақұрылымдық нысандардың жаңғыртылуы, мамандардың біліктілігін арттыру мақсатындағы шаралар, мұнайшылардың жұмыстан кейінгі уақыттарын тиімді ұйымдастыру жайттары кеңінен айтылды.

Компания басшысы есептік мерзім ішіндегі атқарылған жұмыстар туралы баяндамасында Ембі тарихында алғаш рет қолға алынып жатқан жақсы жаңалық – Шығыс Уаз кенішіндегі №111 көлденең қазылған ұңғыманың пайдалануға берілетінін айтты. Осы уақытқа дейін қолданылып жүрген тік ұңғымадан көлденең ұңғыманың өнімділігі 8 есеге артық болады.

2015-2018 жылдар аралығында Компанияның пилоттық жобасы – «Дуалдық

сормұнайгаз» МГӨБ Қарсақ кен алаңының №1 бригадасының технологиялық қондырғылар операторы Асылбек Көшекенов пен «Ембімұнайэнерго» басқармасының «Жайық» АЭТ электржабдықтарына қызмет көрсету және жөндеу электромонтері Әлібек Төлепов, «Қайнармұнайгаз» МГӨБ Кенбай кен алаңының мұнай-газ өндіру операторы Ерболат Жұмағалиев, осы басқарманың қабат қысымын сақтау операторы Берекет Елеулиев, мұнай дайындау және айдау операторы Арслан Жиеналиев пен оның көмекшісі Азамат Жұмашевтар теория мен тәжірибені шебер ұштастырып, өте жақсы нәтиже көрсеткендері үшін үздіктер деп бағаланды.

Басқарма төрағасы Әнуар Еркінұлы үздік мамандарға, цех басшыларына алғыс айта отырып, үздіктерге жасалған мотивацияға тоқтала кетті.

«Ембімұнайгаз» акционерлік қоғамының жұмысшыларды марапаттау Ережесіне байланысты барлық үздік деп танылған мамандардың бір жыл бойғы жалақыларының мөлшеріне:

1- орынға 30 пайыздық үстеме,

2-орынға 20 пайыздық үстеме,

3-орынға 10 пайыздық үстеме қосылады. Бұл – біліктілігімен танылған қарапайым еңбек адамына жасалған үлкен мотивация.



оқыту» бағдарламасы бойынша оқу мен тәжірибені ұштастырған 117 студенттің арасынан тестілеу сынағынан жоғары балл жинаған 42 студент Компанияға жұмысқа қабылданды. Бүгінде 41 студент аталмыш бағдарлама бойынша оқуларын жалғастыруда.

ЕМГ Басқарма төрағасы Әнуар Жақсыбеков баяндамасында Татарстанның Альментьевск қаласындағы «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ компаниялары тобы арасында өткен «Үздік маман» кәсіби шеберлік байқауының III кезеңіне қатысып, 18 номинация ішінен 5 аталым бойынша жүлдегер атанған ембілік жеңімпаздарды қол жеткізген табыстарымен құттықтады.

Ембілік мамандар қазақ мұнайының «қара шаңырағы» – Ембі мәртебесін өзгелер алдында да әрқашан биік ұстап келеді. Ресей жерінде өткен «ҚазМұнайГаз» ҰК компаниялары тобы арасындағы «Үздік маман» кәсіби шеберлік байқауының III кезеңіне қатысқан ембіліктер өздерінің біліктілігін тағы бір мәрте дәлелдей білді. «Дос-

Компания басшысының жыл басынан бергі тоғыз ай мерзім ішінде орын алған табыстар мен проблемаларға толықтай шолу жасап өтті. Компания жұмысында табыспен қатар көп болып қолға алып, жұмыла кірісетін олқылықтар да баршылық. «Ең алдымен еңбек тәртібін күшейтуіміз керек», - деген басшы нақты сандарға жүгінді. 2018 жылы тәртіптік жауапкершілікке 134 маман тартылған, еңбек тәртібін бұзған екі маманмен еңбек шарты тоқтатылды. Жыл басынан бергі соңғы тоғыз айда 149 ұжым мүшесі тәртіптік жауапкершілікке тартылып, оның 1-уі жұмыстан шығарылды.

«Еңбек тәртібі мен жауапкершілік – жетістікке жету жолындағы ең қажетті элементтердің бірі», - деген ЕМГ Басқарма төрағасы Ө.Жақсыбеков есептік кездесу соңында ішкі тәртіп мәселесін сақтауды қатаң талап етті. Бұл орайда жауапты мамандарға нақты тапсырмалар беріп, алдағы уақыттың жоспарларына тоқталды. Ұжым мүшелері тарапынан қойылған сұрақтарға жауаптар берілді. **Е**





## Ұсыныс. Пікір. Тілек.



**Әділжан ҚАДРАЛИЕВ, «Жайықмұнайгаз» МГӨБ №1 мұнай-газ өндіру цехының басшысы:**

**АШЫҚТЫҚТЫҢ КУӘСІ БОЛДЫҚ**  
- Жыл ішінде Басқарма төрағасы Өнуар Еркінұлы Жақсыбековтың ұжым мүшелерімен екі рет кездесу ұйымдастыруы – Компанияда жақсы жолға қойылған шараның бірі. Есептік кездесуде Ембі өндірісінің тыныс-тіршілігі кеңінен қамтылады. Аталған мерзім ішіндегі табыстарымыз да сараланады, сонымен қатар кемшілік те айтылады. Дұрыс формат дер едім. «Ауруды жасыруға болмайды». Біз қай ұжымда, қандай кемшілік барынан хабардар болып, оны бірлесе отырып, көп болып кеңесе шешуіміз керек. Компания басшысының ешкімнен ештеңені жасырмай, проблеманы ортаға салып, баршаның назарына бергені ұнады. Ашық әңгіме орын алды. Кездесуге келген цех басшылары осы жиында

айтылған әрбір мәселені өзінің цехына - ұжымына толықтай жеткізері даусыз. Кемшілік ашық айтылғанда ғана түзеледі. Ұжымшылық тәртіптік кеңестің жұмысынан хабардар болған өзге ұжым мүшелері бұдан былай еңбек тәртібіне өте сақ қарайтыны даусыз.

Тәртіп жоқ жерде табысты еңбек те болмайды. Біз осыны жақсы түсінуіміз керек. Биылғы есептік кездесу өте ашық, еркін түрде өтті. Менің алдымдағы міндет – басшының тапсырмасын өзімнің ұжымыма тиісті деңгейде жеткізу, әрбір тапсырманың нақты орындалуын назарда ұстау.

**Лұқпан БИСАЛИЕВ, «Доссормұнайгаз» МГӨБ Қарсақ мұнай-газ өндіру цехының басшысы:**

**ӨНДІРІСКЕ ЕНІП ЖАТҚАН ТЫҢ ЖОБАЛАРДЫҢ БЕРЕРІ МОЛ**  
Жыл сайын басшының ұжым алдындағы есептік кездесуіне қатыса-

мын. Әр келген сайын жаңа тапсырма алып қайтамын. Иә, заман талабы да – сол.

Уақытпен бірге біз де өзгеруіміз керек. Күнделікті жұмысты жаңа бағытқа бұру, өндірісті жаңалықпен бірге ұштастыру – міне, осындай міндеттемелерді Компания басшылығы өзінің есептік баяндамасында анық айтады.

Биылғы есептік кездесу әрине, бұрынғы жиындардың ізімен ұйымдастырылды десек те, ашық әңгіме көп орын алды. Егер осыдан 5-6 жыл бұрын өндіріс кемшіліктерін тек кабинеттерде ғана айтсақ, енді кең залда- барша ұжым алдында проблема мен табыс қатар сарапталады.

Осы жиында еңбек қауіпсіздігі ашық айтылды. Техникалық қауіпсіздікті қатаң сақтау – өндірістің өзекті мәселесі. Әрбір жұмысшының үйіне, отбасына аман-есен оралуы ең басты жәйт. Бүгінде компанияда бұл орайда үлкен жұмыстар қолға алынып жатыр.

Жиын барысында осы жұмыстар кеңінен сөз болды.

Ембі өндірісінде бастау алып жатқан тың жобалар көптеп саналады. Байырғы кеніштері көп Ембі өндірісі үшін жаңа әдістер, жаңа технологияларды батыл қолға алу – күн тәртібінен түспейтін маңызды мәселе. Бұл орайда жаңалығымыз мол, тек тың жобалардан күткен нәтижеміз тұрақты болғай деп тілейміз. Есептік баяндамада айтылған ұғымаларды көлденең қазу әдісі – Ембінің тынысын кеңейтетін тың жол. Бір айта кетеріміз, осы жаңалықтың бәрі өз күшімізбен жасалып жатыр. Ембі өндірісінде қолға алынып жатқан тың жобалардың берері мол, мен осыған сеніп қайттым. Есептік кездесуден алған әсерімді, түйгенімді ұжымдастарыма жеткізуім керек. Біз алдағы күннің жақсы боларына үлкен сеніммен еңбек етуіміз қажет. Сенім бар жерде табыс та бар. **Е**





## Ембінің енді геологиялық мұражайы бар

«Ембімұнайгаз» АҚ Бас кеңсесінің 3-қабатында ашылған Геологиялық мұражайдың ұйымдастырушысы Жаңа техника және технология департаментінің директоры Рауан Сабилов. Рауан Аманқосұлы өзінің жұмыстан кейінгі бос уақытында айналысатын қызығушылығы туралы бірнеше сағат бойы шаршамастан айтуға бар. Кейіпкеріміздің әңгімесінен ұққанымыз оның «хоббиі» бір басына жетерлік, ең маңыздысы оның бос уақыты көпшіліктің қажетіне жарайтын тиімді шаруаға арналғаны. Бала кезден геология, археология, тарих саласына деген қызығушылығы міне, мұражай ашуға мұрындық болды. Біраз жылдар жинаған «мол қорын» жұртшылықтың назарына ұсынып отыр. Сонымен қатар, кейіпкеріміз «өнерден де құр алақан емес». Ұлттық аспаптардың құлағында ойнайтын Рауан кей кездерде қолына қалам алып, өлең шумақтарын да жазады. Қысқасы, ембілік геолог Рауан «сегіз қырлы, бір сырлы» дейтін азаматтың бірі. Енді кейіпкеріміздің айтарына құлақ түрсек...

«Геология, археология, тарих сияқты ілімдер мені кішкентайымнан қызықтыратын. Осы ілімдерге қызығушылығымды оятқан әкем деп айтсам да болады. Әкем туған жердің тарихын, қазақтың шежіресін жақсы білетін, жыр да жазатын. Аңшылық құрып шыққан кездерінде кішкентай мені қасынан тастаймай ертіп жүріп, жол бойынан кездескен қыр-төбелер мен өзен көлдердің атауы қалай шыққаны туралы айтып отыратын. Ұзақ жылдар аудандық мәдениет басқармасын басқарған кездерінде, ауыл-ауылды аралап, біреудің үйінде ескі көне жәдігерлер бар десе іздеп барып, жүрген жерлерінен тарихи заттарды жинап, жүздеген жылдардың тарихын қамтитын көптеген жәдігерлерге толы Атырау облысы, Қызылқоға ауданында алғашқы рет мұражай ашқан кісі еді.

Кішкентайымнан археологиялық, көне жәдігерлерді көргенде тарих түкпіріне, ертегілер еліне кіріп кеткендей болатынмын. Үйіміз ауылдың сыртында, құм етегіне таман орналасқан еді. Жел тұрып, дауыл

ұйытқып соның салдарынан құм көшкенде, көшкен құмның орнынан әртүрлі ескі заттарды тауып алатынбыз. Жүздеген, мыңдаған жылдар бойы құм астында жатса да табылған заттардың сыры кетсе де сыны кетпегені, оларды жасаған ұсталардың шеберлігі таң қалдыратын. Бір жағынан, осындай көне жәдігерлердің айдалада шашылып, ешкімге керексіз болып жатқаны көңілге кірбің ұялататын. Табылған тұрмыстық заттар ішінде әртүрлі тастармен әшекейленген бұйымдар да кездесетін. Сол кезде ойлайтынмын бұл өлкеде ондай тау-тас жоқ қайдан келген деп. Әшекей тастардың қалай пайда болғаны да қызықтыратын, мүмкін соны бәрі геолог мамандығын таңдауыма себепші болған болады.

Геологиялық мұражай жасау туралы ой осыдан 12 жылдай бұрын «Доссормұнайгаз» МГӨБ-де бас геолог болып жұмыс жасап жүрген кезімде келген болатын. Геологиялық қордағы ұңғылардың іс-қағаздарын қарау кезінде 1912-1913 жылы қазылған ұңғымалардың құжаттары қолыма іліккен болатын. Жазылғанына 100 жылдың үстіне шықса да қағаздардың жақсы сақталуы, ақ қағаз бетіндегі сиялардың күні кеше жазылғандай түсін жоғалтпауы, бұрғылау шеберлерінің әріптерді әсемдеп жазуы мені таң қалдырған еді.

Сол жылдары қоқыс жәшігінде шеті өртеніп жатқан жерінен табылған тағы бір құнды зат, белгісіз суретші теріге салған 1965 жылғы геологиялық карта еді. Ол картаның өзге карталардан ерекшелігі қазіргі уақытта «Ембімұнайгаз» АҚ-на қарасты мұнай өндіріп отырған көптеген кен орындары геологиялық сейсмика анықтаған антиклинальды құрылымдар ретінде көрсетіліп арада 20-30 жыл салып ашылуы, олар Оңтүстік Батыс Қамысты (1972), Оңтүстік Шығыс Қамысты (1987), Ровное (1978), Оңтүстік Шығыс Новобогат (1997), Алтыкөл (1976), Солтүстік Жолдыбай (1992), Береген Жоламанов (1986), Уаз (2007), Кисымбай (1993), Аққұдық (1995) т.б., және де әлі күнге ашылмаған көптеген құрылымдардың барлығы.

Осындай құнды мәліметтерді көргесін, олар мұрағат түкпірінде қалмай көпшілік назарына да ұсынылу керек деп ойлап, геологияға қатысты заттар, минералдар мен тау жыныстарын жинап бастадым. Кейбір жәдігерлерді аңшылық құрып, балық аулап жүргенде аяқастынан тауып алсам, кейбіреуін үйлеріне іздеп барып адамдардан сатып алуыма тура келді. Кейін достарым, әріптестерім, ағайындарым сондай нәрселерді көріп қалса маған әкеліп беретін болды. Жиналған геологиялық жәдігерлерді географиялық тұрғыдан қарайтын болсақ кейбіреуі Доминикано Республикасынан (Солтүстік Америка), Швеция, Қытай, Ресей, Татарстан, Башқұртстан елдерінен келсе, қалғандары Қазақстанның түкпір-түкпірінен жиналды. Көп түкірсе көл дегендей кезінде түйірлеп жинағанмен жылдар өте келе үлкен жинаққа айналды. Қазіргі уақытта сол жинақтың көп бөлігі «Ембімұнайгаз» АҚ-ның бас кеңсесінің үшінші қабатынан геологиялық мұражай жәдігері ретінде орын алды.

Геологиялық мұражай несімен құнды?! – дейтін болсақ, онда басқа баламасы жоқ карталар, жазылғанына ғасырдың үстіне шыққан геологиялық құжаттар, ардагер мұнайшылар пайдаланған геологиялық көне аспаптар, «Ембімұнайгаз» АҚ-на қарасты кен орындарынан геолого-физикалық қасиеттеріне қарай алынған мұнай үлгілері мен ұңғымаларының тереңінен алынған керн түрлері, сипаттамалары, кесінділері мен шлифтары, пропант түрлері, мұнайды өндіру кезінде кездесетін парафин мен тұздың түзілуін көрсететін жәдігерлер мен қазіргі уақытта кен орындарында тәжірибиелік өндірістік сынақтан өтіп жатқан полимерлердің үлгілері, өз өніміміз түйіршіктелген күкіртте бар.

Мұражайда минерал мен тау жыныстарының жүздеген түрлері қойылған. Минералдардың ішінде аметист, флюорит, амазонит, верделит, малахит, галенит секілді қымбат тастардан бастап амфибол, кварц, гипс, галит, слюда, кальцит, селенит, арагонит, графит, магнетит, монацит, мусковит, мариуполит,

гематит, дала шпаттары, барит, магнитті темір, серпентин, биотит, лазурит, азурит, вивианит, тас тұзы сияқты көптеген минералдар қойылды.

Тау жыныстары магмалық, метаморфиялық және шөгінді тау жыныстары тобы ретінде көрсетілген. Мұражайға магмалық (гранит түрлері, базальт, риолит, андезит, обсидиан, перидотит, пирогсенит, вулкандық туф, диорит, гранд-диорит, боксит, пегматит, абсидиан, дацит, габбро), метаморфиялық (антрицит, гнейс түрлері, кристалды тақтатастар, мрамор, кремнь, гранулит, филит, кварцит, роговик, серпентинит) және шөгінді (торф, известняк, туфобрекчия, конгломерат, доломит, саз түрлері, фосфорит, диатомит, құм тас түрлері, алевролит, брекчия, опока, аргиллит, кремнезем) т.б. солар сияқты көптеген тау жыныстары қойылды.

Мұражайда 500 миллион жыл бұрын Кембрий дәуірінде өмір сүрген теңіз түбінің жануары тікенекті триболит, кораллдар және де аммониттер фрагменттері де қойылған.

Мұражайдың ашылуына қолдау көрсеткені үшін біріншіден, «Ембімұнайгаз» АҚ-ның Басқарма төрағасы Жақсыбеков Әнуар Еркінұлына рахмет айтқым келеді. Жылдар бойы жинап жүрген жинағымды көпшілік назарына ұсынсам деген ойым бар еді деп айтқанымда, мүмкін өзі геолог болғасын шығар бірден қолдап, геологиялық мұражай ашайық деп кеңес беріп, керекті шкафтар мен дизайнерлермен қамтамасыз етті. Әнуар Еркінұлы қолдамаса мұражайдың ашылуы ұзақ жылдарға шегерілетіні анық еді.

Екіншіден, жүздеген тау жыныстарын сипаттап, суреттеуге көмектескен Атырау мұнай және газ университеті магистратурасындағы ұстаздарыма және де сирек кездесетін минерал түрлерін табуға қол ұштарын берген қазіргі таңда өзім оқып жатырған Қазақстан-Британ Техникалық Университетінің докторантура (PhD) оқытушыларына рахметімді айтқым келеді. Олар сыйлаған кейбір минералдар мұражайымыздың ең көрнекті жәдігеріне айналды. Үшіншіден, мұражайымыздың әдемі, көркем, мағыналы болып шығуына ақыл-кеңестерін беріп, демалыс күндері болса да уақыттарын бөліп келіп көмектескен геология блогындағы әріптестеріме де рахметімді айтқым келеді.

Әрине, бұл мұражайды хоббиім ретінде жұмыстан бос уақытымда жасақтағандықтан, негізгі жұмысыма ешқандай кедергі келтірген жоқ. Қайта кейбір нәрселерді іздеу, оқу, қайталау арқылы геология, минералогия, петрография саласында білімімді одан әрі жетілдірдім деуге болады. Мұражайдағы жәдігерлер көруге келген көрермендерге де геология туралы көптеген мәліметтер беріп, қуантады деп ойлаймын. Геологиялық мұражай жұмыстарын тоқтатпай толықтыра берсек, болашақта «Ембімұнайгаз» АҚ қонақтарына мақтанышпен көресете алатын үлкен топтамаға айналатынына сенімдімін.

Өмірдегі тағы да хоббиім өлең жазып, музыкалық аспаптарды жинап сол аспаптарда ойнап үйрену. Өзім музыка мектебін бітіргендіктен, домбыра, гитара, баян сияқты аспаптарда ойнай аламын. Қазақтың ұлттық аспаптарымен қоса қазір ондаған әртүрлі аспаптар топтамамда бар. Алдағы уақытта өзге ұлттардың да ұлттық музыкалық аспаптарында ойнауды үйрену – мақсатым». **Е**





## Ардагерлер – асыл қазынамыз

«Ембімұнайгаз» АҚ Бас кеңсесінде «Nur Otan» партиясының ЕМГ бастауыш ұйымының (БПҰ) ұйымдастыруымен «Ашық есік күн» шарасы өтті. Оған Ембі өндірісінде ұзақ жылдар еңбек еткен бір топ ардагер мұнайшылар, Компанияның жауапты мамандары қатысты.

ЕМГ БПҰ ұйымдастыруымен осымен үшінші рет өтіп отырған «Ашық есік күн» шарасына Ембі өндірісінің қалыптасып, дамуына өзіндік үлестерін қосқан, әр түрлі департамент - бөлімдерде еңбек еткен ардагерлер шақырылды. Осы жолғы шараға 20-ға тарта ардагер қатысты. Оларды ЕМГ Басқарма төрағасы Әнуар ЖАҚСЫБЕКОВ қабылдады.

- Жұмысшыларын толықтай әлеуметтік жеңілдіктермен қамтамасыз етіп отырған отандық мұнай өндіруші компания Ембі өндірісінің ұзақ жылдар әр салада дамуына үлестерін қосқан ардагерлерін де үнемі қамқорлыққа алып, оларды ұдайы құрметтеп отырады. Компания бойынша бүгінгі таңдағы 2 174 ардагер жылына бес рет мемлекеттік мерекелерде сыйақылармен, жылына бір рет емдеу-сауықтыру орын-

дарына арналған жолдаманың және жылдық баспасөзге жазылу қаражатымен, соғыс ардагерлері мен тыл еңбеккерлері Жеңіс күніне орай ақшалай төлемдермен қамтылып отыр. Сонымен қатар, ардагерлер ауырып қалған жағдайда олардың дәрі-дәрмектері, дереу ем алулары Компания есебінен қарастырылады. Бұл - компанияның өз ардагерлеріне көрсеткен құрметі, мұндай қамқорлық алдағы күндерде де жалғаса береді-деп атап өтті өз сөзінде ЕМГ Басқарма төрағасы, «Nur Otan» БПҰ төрағасы Әнуар Жақсыбеков.

«Ашық есік күн» шарасында ардагерлердің Компанияның бүгінгі жаңалықтарымен жете танысуларына назар аударылды. Орталық кеңседе орналасқан Өндірісті жедел басқару орталығы мен Интерактивті мұражайда болып, тың жобалармен, өзгерістермен жан-жақты танысты. Компанияның жауапты мамандары ардагерлерді өндіріс, әлеуметтік салалар бойынша соңғы мәліметтермен хабардар етті.

Кездесу барысындағы сұхбаттасу ардагерлер құрметіне арналған дастархан басында жалғасты. **Е**



### Қоғам

## Діни сауаттылық – діни қауіпсіздігіміздің басты кепілі

«Ембімұнайгаз» АҚ-на қарасты «Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының С.Балғымбаев кен алаңында Атырау облыстық Дін істері басқарамасы «Ақпараттық-талдау орталығының» бастамасымен «Зайырлылық тең құқықтық жүйе десек те...» тақырыбында кездесу шарасы өтті.

Шараға Атырау облыстық Дін істері басқарамасының және «Шапағат» деструктивтік діни ағымдардан жапа шеккендерге көмек көрсету орталығы» қоғамдық қорының қызметкерлері, Исатай аудандық ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімінің жауапты мамандары мен «Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасына қарасты барлық цехтардан өкілдер қатысты.

Кездесу барысында елімізде, соның ішінде, Атырау өлкесінде орын алған діни ағымдардың жұмысы, діни ұйым-

дардан жапа шеккен азаматтардың құқықтарын қорғау барысындағы шаралар кеңінен айтылды.

Сирия елінен «Жусан-1» операциясы арқылы елге қайтқан, «Шапағат» деструктивтік діни ағымдардан жапа шеккендерге көмек орталығы» қоғамдық қорының қызметкері Айнұр Тергеусізова өзінің басынан өткен қиын жағдайларға тоқталып, жұртшылықты сақтандыру мақсатында діни сауатсыздықтың салғыртынан көрген ауыртпалықтарын ортаға салды.

Кездесу соңында мұнайшылар тарапынан болған сауалдарға Атырау облыстық Дін істері басқарамасының, «Шапағат» деструктивтік діни ағымдардан жапа шеккендерге көмек орталығы» қоғамдық қорының жауапты қызметкерлері нақты, тұшымды жауаптарын берді. **Е**





## Құрметті әріптестер!

Бүгін Компания бойынша «Мәдениет күндері» сайысы басталғанын хабарлаймыз. Өнер сайысының шымылдығын ашқан – «Доссормұнайгаз» МГӨБ-нің мұнайшы өнерпаздары. Сіздердің назарларыңызға өнер сайысының бағдарламасын ұсынып отырмыз. Келіңіздер! Көріңіздер!

- Ұжым күшімен дайындалатын концерттік бағдарлама;
  - Музыкалық аспапта ойнау өнері (домбыра, баян, гитара);
  - Вокалды-инструментальды ансамбльдің өнері;
  - Вокал бойынша өнер көрсету;
  - Көркемсөз оқу;
  - Би билеу шеберлігі;
  - Юмористік қойылым;
  - Басқарманың тарихы мен жетістігі бойынша көрме ұйымдастыру;
  - Ұжым мүшелерінің декоративтік қолданбалы - көркем-сурет өнері бойынша көрме;
  - Мұражай экспонаттары;
  - Өр түрлі жобалар еніп отыр.
- Ұжым өнерін бағалайтын әділ қазылар алқасының құрамына әр басқармадан талантты, өнерлі өкілдер кіреді.

Мәдениет күндерінің өту уақыты:

- 01.11.2019** – «Доссормұнайгаз» МГӨБ;
- 08.11.2019** – «Қайнармұнайгаз» МГӨБ;
- 15.11.2019** – «Жайықмұнайгаз» МГӨБ;
- 22.11.2019** – «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ;
- 29.11.2019** – «ӨТҚЖЖК» басқармасы;
- 29.11.2019** – «Ембімұнайэнерго» басқармасы;
- 06.12.2019** – Орталық басқару аппараты



Үздік деп танылған өнерпаздар 13.12.2019 күні Қазақстан Республикасы Тәуелсіздік күніне орай Орталық басқару аппаратында өтетін салтанатты шараға өз өнерлерімен қатысады.



Газет ҚР Ақпарат және коммуникация министрлігінің Ақпарат комитетінен мемлекеттік тіркеуден өтіп, 2018 жылғы 23 желтоқсанда N17430-Г куәлігі берілді.

**Меншік иесі:** «Ембімұнайгаз» АҚ

**Шығарушы:** қоғаммен байланыс қызметі

**Бас редактор:** А. Ертлеуова

Газет айына 2 рет шығады.

Таралымы – 3500 дана.

**Редакцияның мекен-жайы:** Атырау қ. Ш. Уәлиханов көш., 1.

**Хат-материалдарды төмендегі**

**мекен-жайға жолдай аласыздар:**

Л.Сүлейменова – 8 (7122) 99-34-77, 21-177.

L.Suleimenova@emg.kmgerp.kz

Ғ.Қаражанова – 8 (7122) 99-34-21; 21-121.

G.Karajanova@emg.kmgerp.kz

А.Ертлеуова – 8 (7122) 99-32-09, 21-309

A.Ertleuova@emg.kmgerp.kz

А.Хаменова – 8 (7122) 99-34-80; 21-353

A.Khamenova@emg.kmgerp.kz

**Редакциялық кеңес:**

Ө.Жақсыбеков – «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы;

С.Нақпаев – Басқарма төрағасының жалпы мәселелер жөніндегі орынбасары;

А.Құтжанов – өндіріс жөніндегі басқарушы директор;

Г.Шарафетдинова – қызметкерлерді басқару және

еңбекке ақы төлеу департаментінің директоры;

И.Сарыбеков – еңбекті және қоршаған ортаны қорғау департаментінің директоры;

Ө.Каримов – келешекті дамыту департаментінің директоры;

Л.Сүлейменова – қоғаммен байланыс қызметінің жетекшісі.

**Баспахана:**

«Print House Geron» ЖШС

Мекен-жайы: Алматы қ., Қ. Сәтпаев көш., 30А/3,

Х. Ерғалиев жағалауы бұрышы, 124 кеңсе.

Тел: +7(727) 250-47-40, 398-47-39.

## Құрметті «Ембімұнайгаз» АҚ қызметкерлері!

Егер Сізге Қоғамның тауарлы-материалдық құндылықтарын ұрлау бойынша дайындалған немесе жасалған немесе орын алған құқық бұзушылықтар, қоғамдық тәртіптің бұзылуы, ЕМГ немесе мердігер мекемелері қызметкерлерінің сыбайластық және лауазымды өкілеттікті асыра пайдалануы туралы мәлім болса, онда ақпарат, фото немесе бейнежазбаны «WhatsApp» немесе SMS хабарлама арқылы +7 701 775 66 56 нөміріне жіберуіңізге болады.

Құпиялылыққа кепілдік беріледі.  
«Ембімұнайгаз» АҚ корпоративті қауіпсіздік және мобилизациялық жұмыстары қызметі